

## **Біртұтас экономикалық кеңістік құру жөніндегі Жоғары деңгейдегі топтың кезекті мәжілісін дайындау және өткізу туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2006 жылғы 8 маусымдағы N 155-ө  
Өкімі

2006 жылғы 9-10 маусымда Алматы қаласында өтетін Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының, Ресей Федерациясының және Украинаның Біртұтас экономикалық кеңістігін құру жөніндегі Жоғары деңгейдегі топтың кезекті мәжілісін (бұдан әрі - ЖДТ мәжілісі) дайындау және өткізу мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі ЖДТ мәжілісіне қатысушылардың қонақ үйде тұруына ақы төлеуге 2006 жылға арналған республикалық бюджетте 006 "Өкілдік шығындар" бюджеттік бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен 1350270 (бір миллион үш жүз елу мың екі жүз жетпіс) теңге сомасында қаражат бөлсін.

2. Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігімен және Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Беларусь Республикасы, Ресей Федерациясы және Украина делегацияларының (бұдан әрі - делегациялар) арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Алматы қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын, Алматы қаласының әуежайында ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, олардың тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі делегациялар мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Алматы қаласының әкімі делегацияларды қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын қамтамасыз етсін, Алматы қаласында көлікпен қамтамасыз етсін, сондай-ақ ЖДТ мәжілісі өтетін кезеңге Алматы қаласы әкімдігінің ғимаратындағы екі мәжіліс залын берсін және мәдени бағдарламаны ұйымдастырсын.

*Премьер-Министр*